

Тыңайтқыштар мен гербицидтердің субсидияланатын түрлерін, субсидиялардың нормативтерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы № 250 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 маусымда № 3810 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 маусымдағы № 220 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 11.06.2013 № 220 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері мен отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литр, килограмм) арналған субсидиялардың нормативтері 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері мен тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литр, килограмм) арналған субсидиялардың нормативтері 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Субсидияланатын гербицидтер түрлері мен отандық гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограммына (литр) арналған субсидиялардың нормативтері 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 205 " Тыңайтқыштар мен гербицидтердің субсидияланатын түрлерін, субсидиялардың нормативтерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3760 болып тіркелген, 2011 жылы 18 мамырда "Костанайские новости" газетінде ж а р и я л а н ғ а н) .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Ә к і м д і к т і ң

2012

жылғы

28

мамырдағы

№ 250 қаулысына 1-қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері мен отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литр, килограмм) арналған субсидиялардың нормативтері

№ реттік нөмірі	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Б і р бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір арналған бірлігіне субсидия нормативтері, теңге
1	Аммофос (46% P ₂ O ₅ , 10% N)	тонна	50	45 000
2	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28 900
3	Жай суперфосфат (19% P ₂ O ₅)	тонна	50	24 500
4	Фосфориттік ұн (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	50	6140
5	Фосфориттік ұн (бумаға салынған) (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	50	6770
6	Хлорлы калий (K ₂ O ₅ -42%; KCL-65%)	тонна	50	30 000
7	Күкірт қышқылды калий (K ₂ O ₅ -53%)	тонна	50	72 500
8	"В" маркалы суперфосфат (P ₂ O ₅ 15%, N-2-4%, K ₂ O -2-4%)	тонна	50	21 281
9	"Б" маркалы "МЭР" микробиотыңайтқышы	литр	50	11 000

Ә к і м д і к т і ң

2012

жылғы

28

мамырдағы

№ 250 қаулысына 2-қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері мен тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған

**тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литр, килограмм) арналған
субсидиялардың нормативтері**

№ реттік нөмірі	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Б і р бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір арналған бірлігіне субсидия нормативтері, теңге
1	Карбамид (N-45 %)	тонна	50	40 000
2	Нитроаммофоска (N-15%: P ₂ O ₅ -15%: K ₂ O -15%)	тонна	50	46 500
3	Супрефос (N-12%: P ₂ O ₅ -24%) (Ca:Mg:S)	тонна	50	30 000
4	Сульфат аммония	тонна	50	19 000
5	АФУ (азоттық-фосфорлық тыңайтқыш N-28 %, P ₂ O ₅ -1 %)	тонна	50	27 500
6	КАС (сұйық тыңайтқыш N-27-33 %)	тонна	50	22 500

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2 жы л ғ ы 2 8 ма м ы р да ғ ы

№ 250 қаулысына 3-қосымша

**Субсидияланатын гербицидтер түрлері мен отандық гербицид
жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмна (литр)
арналған субсидиялардың нормативтері**

№ реттік нөмірі	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Б і р бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір арналған бірлігіне субсидия нормативтері, теңге
1	2	3	4	5
1	Авецид супер, 12 % эмульсия концентраты	литр	50	1 680
2	Диамин, 72 % сулы ерітінді	литр	50	375
3	Буран, 36 % сулы ерітінді	литр	50	375
4	Барс супер, 10 % эмульсия концентраты	литр	50	1400

5	Кугар форте эмульсия концентраты	литр	50	1900
6	Виллан Супер, 10 % эмульсия концентраты	литр	50	1400
7	Топик 080, эмульсия концентраты	литр	50	2 775
8	Дезормон эфир, 72 % эмульсия концентраты	литр	50	540
9	Диален – Супер, 480, сулы ерітінді	литр	50	820
10	Клиник, 36 %, сулы ерітінді	литр	50	375
11	Ураган Форте, 500, сулы ерітінді	литр	50	625
12	Раундап Экстра, 54 %, сулы ерітінді	литр	50	562,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК